



**«СЕМЕЙ ҚАЛАСЫНЫҢ ШӘКӘРІМ АТЫНДАҒЫ УНИВЕРСИТЕТІ» КеАҚ
НАО «УНИВЕРСИТЕТ ИМЕНИ ШАКАРИМА ГОРОДА СЕМЕЙ»**

АРДАГЕРЛЕР КЕҢЕСІ ТУРАЛЫ

ЕРЕЖЕ



КОММЕРЦИЯЛЫҚ ЕМЕС АКЦИОНЕРЛІК ҚОҒАМ «СЕМЕЙ ҚАЛАСЫНЫҢ ШӘКӘРІМ АТЫНДАҒЫ УНИВЕРСИТЕТІ»		
СМЖ құжаты 3 деңгей	Ереже	П 042-3.13-2024
«Семей қаласының Шәкәрім атындағы университеті» КеАҚ ардагерлер кеңесі туралы ереже	Басылым №1 <u>«24» 01.2024ж.</u>	

**«Семей қаласының Шәкәрім атындағы университеті» КеАҚ
ардагерлер кеңесі туралы ереже**

МАЗМҰНЫ

1	Жалпы ережелер	4
2	Ардагерлер кеңесінің мақсаттары мен міндеттері	4
3	Кеңестің құрылымы	4
4	Кеңестің қызметін тоқтату	6

1. ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР

1.1 «Семей қаласының Шәкәрім атындағы университеті» КеАҚ ардагерлер кеңесі (бұдан әрі – кеңес) университет қызметкерлерінің тең құқықтылығы, өзін-өзі басқару, заңдылық және жариялылық қағидаттарында әрекет ететін зейнеткерлер мен ардагерлердің ерікті қоғамдық бірлестігі болып табылады.

1.2 Кеңес өз қызметінде ҚР Конституциясын, ҚР 06.05.2020 ж. №322-VI ҚРЗ «Ардагерлер туралы» Заңын, ҚР қоғамдық бірлестіктер туралы қолданыстағы заңнамасын, «Семей қаласының Шәкәрім атындағы университеті» КеАҚ Жарғысын және осы Ережені басшылыққа алады.

2. АРДАГЕРЛЕР КЕҢЕСІНІҢ МАҚСАТЫ МЕН МІНДЕТТЕРІ

2.1 Кеңестің негізгі мақсаты: Университет ардагерлерінің құқықтары мен заңды мүдделерін қорғау арқылы ардагерлердің өмірінде туындайтын әлеуметтік мәселелерді шешуге қатысу, университеттің жұмысын жетілдіруге белсенді жәрдемдесу және жас ұрпаққа патриоттық тәрбие беруге ат салысу.

2.2 Қойылған мақсаттарға жету үшін келесі міндеттерді ұйымдастыру:

- білім алушыларды патриоттық және кәсіптік тәрбиелеу және ПОҚ мен жас қызметкерлердің қызметтік міндеттерін орындауға адал көзқарасты қалыптастыру мақсатында ардагерлердің мол тәжірибесін кеңінен пайдалану;
- кеңес мүшелерін әлеуметтік және құқықтық қорғауды күшейту жөніндегі шараларды жүзеге асыру, оларды университет басшылығының қарауына енгізу үшін ұсыныстар әзірлеу;
- кеңес мүшелері арасында спорттық-сауықтыру және мәдени-бұқаралық жұмыстарға қатысуды ұйымдастыру;
- жұртшылықты өз қызметі туралы үнемі хабардар ету, кеңестің мақсаттары мен міндеттері бойынша түсіндіру жұмыстарын жүргізу.

3. КЕҢЕСТІҢ ҚҰРЫЛЫМЫ

3.1 Кеңестің басқару органдары:

- кеңестің жалпы жиналысы
- ардагерлер Кеңесі және оның Төралқасы.
- Кеңестің жоғарғы органы ардагерлердің жалпы жиналысы болып табылады, ол қажеттілігіне қарай, бірақ жылына кемінде бір рет шақырылады. Кезекті жиналысты шақыру және онда талқылауға жататын

мәселелерді ардагерлер кеңесі өткізілетін күнге дейін 1 айдан кешіктірмей жариялайды.

- Ардагерлердің кеңес қызметінің маңызды ағымдағы және болашақ мәселелері бойынша шешімдер қабылдайды, ережеге өзгерістер мен толықтырулар енгізеді, жылдық қорытындыларды талқылайды және бекітеді.

- Ардагерлер кеңесі Кеңестің жалпы жиналысының шешімдерін орындауды ұйымдастырады, негізгі іс-шаралардың бір жылға арналған жоспарларын бекітеді, кеңес мүшелерін әлеуметтік және құқықтық қорғау, оларға көмек көрсету жөнінде шаралар қабылдайды, кеңес мүшелерін көтермелеу туралы, тағы басқа да мәселелерді шешеді.

- Ардагерлер кеңесінің төрағасы кеңесте қаралуға тиіс мәселелерді дайындауды ұйымдастырады, кеңестің жұмысына, Кеңестің ағымдағы жұмысына басшылық жасайды, кеңестің қызметі туралы есеп береді, кеңес мүшелері арасында міндеттерді бөледі, ұйымдастырушылық, ақпараттық-есепке алу, консультациялық функцияларды жүзеге асырады, кеңес мүшелерінің қоғамдық ықпал ету шараларын қолдану және көтермелеу мәселелерін шешеді.

- Ардагерлер кеңесінің төрағасы мемлекеттік, қоғамдық және басқа ұйымдармен қарым-қатынаста кеңестің өкілі ретінде сөйлей алады, ардагерлер кеңесінің атынан құжаттарға қол қояды.

3.2 Іс жүргізуді ардагерлер кеңесінің хатшысы жүзеге асырады, ол:

- кеңестің жалпы жиналыстары мен Ардагерлер кеңесі отырыстарының хаттамаларын ресімдейді;

- кеңеске келіп түскен ардагерлердің жазбаша және ауызша өтініштерін тіркеуді жүзеге асырады, олардың уақтылы қаралуын бақылауды қамтамасыз етеді, өтініш берушілерді қабылданған шаралар туралы хабардар етеді;

- ардагерлер кеңесінің қажетті құжаттарын электронды түрде дайындауды жүзеге асырады;

- ардагерлер кеңесінің құжаттамасын сақтауды қамтамасыз етеді.

3.3 Ардагерлер кеңесінің хатшысы Ардагерлер кеңесінің құрамынан тағайындалады. Ол болмаған жағдайда ардагерлер кеңесі хатшысының функцияларын орындау үшін Кеңес төрағасының шешімімен Кеңестің өзге мүшелері тартылуы мүмкін.

3.4 Ардагерлер кеңесі отырыстарының хаттамаларына ардагерлер кеңесінің төрағасы немесе оның орынбасары қол қояды.

3.5 Кеңес мүшелері, олардың құқықтары мен міндеттері:

- Кеңестің мүшелері осы Ережені мойындайтын зейнеткерлер, оның ішінде университетте жұмыс істеген қызметкерлер мен ардагерлер болуы мүмкін.

3.6 Кеңес мүшелерінің құқығы бар:

- ардагерлер кеңесіне сайлану және сайлау;
- кеңес өткізетін барлық іс-шараларға қатысу;
- университет қызметіне байланысты мәселелер бойынша Ғылыми кеңеске, КеАҚ Басқармасы мен Директорлар кеңесіне ұсыныстар енгізу;
- кеңестің қызметіне қатысты кез келген мәселені талқылауға қатысу және ұсыныстар енгізу.

3.7 Кеңес мүшелері міндетті:

- осы Ереженің талаптарын сақтау;
- кеңестің жалпы жиналысы мен шешімдерін орындау;
- кеңестің қызметіне белсенді қатысу.

3.1 Кеңес қызметіне белсенді қатысқаны, қоғамдық тапсырмалар мен басқа да міндеттерді үлгілі орындағаны үшін кеңес мүшелеріне алғыс хаттар жарияланып, құрмет грамоталары табыс етілуі, басқа да көтермелеу шаралары қолданылуы мүмкін.

3.2 Кеңеске мүшелік өз қалауы бойынша тоқтатылады.

4. КЕҢЕСТІҢ ҚЫЗМЕТІН ТОҚТАТУ

4.1 Кеңестің қызметін тоқтату оны қайта ұйымдастыру немесе тарату жолымен жүргізілуі мүмкін.